



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

05.09.2022 ж

704

2022-2023 оқу жылында Нұр-Сұлтан қаласының білім беру ұйымдарында эксперименттік алаңдар жұмысын ашу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №139 «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, 2022 жылғы 20 сәуірдегі қалалық сараптама кеңесінің №1 хаттамасының шешімі негізінде және жаңа педагогикалық технологияларды енгізу мен білім берудің мазмұнын жаңарту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Білім беру ұйымдарында эксперименттік режимде енгізуге ұсынылған білім беру бағдарламаларын сынақтан өткізу бойынша эксперименттік алаңдар ашылсын.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында:

1. №54 «Нұрай» балабақшасы - «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дамыту мен оқытудың заманауи тәсілдері»;
2. «№69 «Еркемай» балабақшасы - «Г. Кертаеваның әдістемесінің тиімділігін зерделеу»;
3. № 93 «Айгөлек» балабақшасы - «Мектепке дейінгі жастағы балаларды ізгілікке тәрбиелеуде интерактивті әдістерді пайдалану»;
4. №95 «Алматы» балабақшасы – «Ізгілік педагогикасы негізінде балалардың сөйлеу тілін дамыту».

Жалпы білім беру ұйымдарында:

1. №4,58,86,87 мектеп - гимназиялары - «Бала Абай»;
2. №53 мектеп - лицейі - «Кәсіби шеберлік мектебі»;
3. №77 мектеп - гимназиясы - «Кіші Абай»;
4. № 86 мектеп-гимназиясы - «Әуезовтану тағлымы».

Техникалық және кәсіптік беру ұйымында:

Астана Халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі- 01140700 «Информатика» мамандығы, 01140701 «Бастауыш және негізгі орта білім

берудің информатика мұғалімі» біліктілігі бойынша «Ақпаратты жинау, сақтау және өңдеу әдістері» арнайы пәнді ағылшын тілінде оқыту.

II. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Басқарма басшысының орынбасарлары С. Адылбаевқа, М. Каирбаеваға, Р. Имангазиноваға жүктелсін.

Басшы



К. Сенгазыев

Б. Арғынбекова
481157

